



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ  
КҮТУЛЕР  
ШІЛДЕ 2025**

2025 жылғы шілдеде халықтың алдағы бір жылдағы инфляциялық күтулері 14,2%-ға дейін өсті, ал тегістелген үш айлық көрсеткіш 13,6%-ға жетті. Бес жылда күтілетін инфляция да өсіп, 14,7% болды. Шілде айындағы инфляциялық күтулер нақты инфляцияның жоғары деңгейі мен теңгенің номиналды айырбастау бағамының әлсіреуі аясында қалыптасты.


### Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы шілдеде алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні<sup>1</sup> өсіп, 14,2%-ға жетті (2025 жылғы маусымда – 12,6%), ал тегістелген үш айлық көрсеткіш 13,6%-ға өсті (12,9%).

Сонымен қатар, бес жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы шілдеде 14,7% болды (2025 жылғы маусымда – 14,2%).


Сауалнама жауаптарының құрылымында бір жылдық перспективадағы баға өсіміне қатысты белгісіздік үлесі әлі де айтарлықтай жоғары. Сондай-ақ, 2025 жылғы шілдеде инфляциялық күтулер теңгенің номиналды айырбастау бағамының ауытқуы мен нақты инфляцияның жоғары болуы аясында қалыптасты (1-график).

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Респонденттерге сезілген инфляция мен нақты инфляция, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ

Сезілген инфляцияның медианалық мәні де 2025 жылғы шілдеде 12,6%-ға жетті (2025 жылғы маусымда – 12,1%), ал тегістелген үш айлық көрсеткіш 12,7% болды (12,6%) (2-график).


2025 жылғы шілдеде азық-түлік бағасы өскенін атап өткен респонденттер үлесі 79,2% болды (2025 жылғы маусымда – 79,6%). Ал азық-түлік емес тауарлар бағасының өскенін айтқандар үлесі – 8,6% (8,7%), ақылы қызметтер қымбаттағанын айтқандар – 7,5% (8,4%).

Азық-түлік тауарлары ішінде шілде айында респонденттердің көбі ет

өнімдерінің, жеміс пен көкөніс, ірімшік және шұжық бағасының өскенін атап өтті. Азық-

түлік емес тауарлар арасында халық дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия, киім және аяқкиім қымбаттағанын айтты. Ақылы қызметтер бойынша тұрғындар ең алдымен тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің, интернет пен ұялы байланыс қызметтерінің, сондай-ақ медициналық қызметтердің бағасы өскенін айтты (3-график).

3-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

### Халықтың тұтыну көңіл күйі

2025 жылғы шілдеде тұтыну көңіл күйі индексі 101,3 болды (2025 жылғы маусымда – 105) (4, 5, 6-графиктер). Күтулерді бағалауда елдің алдағы бір және бес жылдағы даму перспективаларына деген сенім төмендеді. Дегенмен, жеке материалдық жағдайдың алдағы бір жылда жақсаруына қатысты баға өсті.


Ал қазіргі жағдайды бағалауда кейінгі бір жылдағы жеке материалдық жағдай көрсеткіші мен қомақты қаржыға сауда жасауға дайындық деңгейі төмендеді.

4-график. Тұтыну көңіл күйі индексі<sup>2</sup>




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

5-график. Күтулерді бағалау



6-график. Қазіргі жағдайды бағалау




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

### Баға өсімін күту әлі жоғары деңгейде

2025 жылдың екінші тоқсанында салалардағы кәсіпорындар өндірген өнімдер мен қызметтер бағасы әртүрлі бағытта өзгерді. Өсу қарқынының аздап жеделдеуі тау-кен өндіру өнеркәсібінде, саудада, тұру және тамақтану қызметтерінде, сондай-ақ «Ақпарат және байланыс» саласында байқалды. Ал электрмен жабдықтау, құрылыс және өңдеу өнеркәсібінде өсу қарқыны төмендеді. 2025 жылдың үшінші тоқсанында өңдеу өнеркәсібін қоспағанда, барлық саладағы кәсіпорындар баға өсімінің қарқыны баяулайды деген болжам бар (7-график).

7-график. Кәсіпорындар өндірген дайын өнім бағасының өзгеру динамикасы<sup>3</sup>



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарына жүргізілген мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк  
Кәсіпорындарда сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

Кәсіпорындардың көбі дайын өнім бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор – шикізат пен материал бағасы (кәсіпорындардың 78,1%-ы үшін), сұраныс (75,3%), алым-салық (66,2%) пен еңбек шығындары (65,7%) екенін айтты. Кәсіпорындардың бағалауынша, 2025 жылдың екінші тоқсанында шикізат пен материалдар, сондай-ақ импортталатын өнім бағасының өсу қарқыны өсіп, сұраныс аздап жоғарылады. Ал орташа жалақы өсімінің қарқыны сәл төмендеді. 2025 жылдың үшінші тоқсанында орташа жалақы аздап өседі деген болжам бар (8-график).

8-график. Кәсіпорындардың дайын өнім бағасын белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарына жүргізілген мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк  
Кәсіпорындарда сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

**ЕСКЕРТУ**

<sup>1</sup> 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

<sup>2</sup> Тұтыну көңіл күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

<sup>3</sup> Диффузиялық индекс (ДИ) – оң жауаптардың қосындысы мен өзгеріссіз жауаптардың жартысының қосындысы. ДИ – қаралып отырған көрсеткіштің өзгеріс динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор. Егер ДИ мәні 50 деңгейінен жоғары болса – көрсеткіштің өскенін, ал 50-тен төмен болса – төмендегенін білдіреді. ДИ мәні 50 деңгейінен қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен) болса, көрсеткіштің өзгеру қарқыны соғұрлым жоғары болады. Сауалнамаға 3 454 кәсіпорын қатысты. Мәліметтер маусымдық ауытқулардан тазартылған. Кәсіпорындарға «Сіздің кәсіпорныңыздың дайын өнімдерінің саудаға шығару бағалары қалай өзгерді/өзгереді?» деген сұрақ қойылды.

\*2025 жылғы үшінші тоқсан бойынша көрсетілген деректер – кәсіпорындардың күтулері.